

ЖШС "БАЛ САПАР" балабақшасының

"Балбөбек кіші" тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: 22.09.2025 ж

Хаттама №1

Қатысқаны: 12

Қатыспағандар: 8

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналар тәрбиешімен танысу.
2. Топ туралы мәлімет.
3. Балабақша ақысын уақытында төлеу. Балалардың оқу іс-құралдарын ата-аналардың толық дайындап әкелуі.
4. Күнделікті балабақшаға кешікпей келу.
5. Ата-аналар комитетін сайлау.
6. Әр түрлі мәселелерді талқылау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ата-аналар тәрбиешімен жақынырақ танысты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Курванали Аружан топтағы балалар туралы мәлімет берді.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі ата-аналарға балабақша төлем ақысын уақытылы төлеуін айтты. Балаларды жаңа оқу жылына оқу іс-құралдарын (сурет салу альбомы, қарындаш, түрлі-түсті қағаз, ермексаз т.б.) толықтай дайындап әкелуі керек екенін айтты. Әр баланың өз папкасы болуы керек екенін айтты.

Төртінші мәселе бойынша ата-аналар балаларын балабақшаға таза киіндіріп жіберу керек екені және таңертең балаларын 08:00-09:00 ге дейін қалдырмай тәрбиешілерге тапсырулары керек екені айтылды. Ай сайынғы балабақша төлемін ата-аналардың уақытында төлеп тұрулары жайлы сөз қозғалды.

Қаулы:

1. Ата-аналар бір-бірімен жақын танысты, тәрбиеші ата-ана комитетін сайлады.
2. Балаларға ата-ана мен тәрбиешілер екі жақтан тәрбие беруге ат салысатыны айтылды.

Төрайымы: Згоздинских Меруерт

Көмекшісі: Ереженова Ася

Меңгеруші: _____ Сатыбалдиева Н.З

Тәрбиеші: _____ Курванали А

Тақырыбы: Балабақшаға үйрену – алғашқы қадамдар (2 жас)

Құрметті ата-аналар!

2 жас – баланың өміріндегі ерекше кезең. Бұл уақытта бала алғаш рет анасынан бөлініп, жаңа ортаға – балабақшаға келеді. Сондықтан баланың балабақшаға бейімделуі біртіндеп және сабырмен өтетін процесс.

Алғашқы күндері балалар жаңа ортаға үйренісе алмай, жылауы, ата-анасын іздеуі мүмкін. Бұл – қалыпты жағдай. Уақыт өте келе бала тәрбиешіге, топтағы балаларға үйреніп, өзін қауіпсіз сезіне бастайды.

Балабақшада балалар үшін арнайы күн тәртібі ұйымдастырылады. Күн тәртібіне ойын, серуен, тамақтану, ұйқы және түрлі дамытушы іс-әрекеттер кіреді. Ойын арқылы балалардың сөйлеуі, қимыл-қозғалысы, ойлау қабілеті дамиды.

Баланың балабақшаға тез бейімделуі үшін ата-аналарға мынадай ұсыныстар береміз:

- Баланы балабақшаға күн сайын уақытында әкелу;
- Таңертең баламен жылы қоштасу;
- Баланы қорқытпай, балабақша туралы жақсы әңгімелер айту;
- Баланың денсаулығына көңіл бөлу.

Бала тәрбиесі – ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен еңбегі. Бірге жұмыс жасасақ, балаларымыз балабақшаға тез үйреніп, қуана келетін болады.

Назарларыңызға рахмет!

Баяндама

Тақырыбы: Балабақшаға бейімделу – алғашқы қадамдар